МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖОБА МЕН ОЛИМПИАДАЛАРҒА ҚАТЫСУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Мектеп оқушыларының шығармашылық шеберліктерін шыңдап, алған білімдерін көрсете алатын – ол ғылыми жобалар, пәндік олимпиадалар, шығармашылық сайыстар. Біздің мектебіміздің оқушылары да осындай жарыстарға белсене қатысып, нәтижелі жүлделі орындарды иеленіп келеді. Биылғы 2023-2024 оқу жылының I тоқсанында: аудандық деңгейде 11 іс-шаралар, II тоқсанда 8 өткізілді. Соның барлығына мектебіміздің оқушылары қатысып, жүлделі орындардан көріне білді.

Қыркүйек айының 20 ы күні **Республикалық Балалар** оқуының аудандық I кезеңінде Нұрғожина Ақсана (9 сынып оқушыс) жүлделі I орын иеленіп, облыстық кезеңге қатысты. Сонымен қатар Арыстанбекова.Г (9 сынып) III орын, Багай Медина (10 сынып) III орын, Салыкова.А (8 сынып), Ержигитова.А (9 сынып) сертификатқа ие болды.



«Ақберен» Республикалық байқауының аудандық кезеңінде 2 оқушы қатысып, екеуі де жүлделі орынға ие болды. Олар: Ербол Диас «Ұлттық аспапта өнер көрсету» бағтында жүлделі II орын, Арыстанбекова Гульсана «Эссе» жазу бағытында жүлделі II орынға ие болды.





Қазан айының 19 да Республикалық «I Qanat» олимпиадасының аудандық кезеңі болып, 12 оқушы қатысты. II кезеңіне – 8 оқушы қатысты.

«**Жас кемеңгер»** сырттай олимпиада мектебіне 6-7 сыныптардан 13 оқушы I кезеңіне қатысып, арнайы тапсырмаларды орындады.

Республикалық «Менің кіші – Отаным» тақырыбында болған балалар шығармашылығының аудандық кезеңіне мектебімізден 5 оқушысы қатысып, 10 сынып оқушысы Медина Багай облыстық кезеңге жолдама алған болатын. Ол облыстық кезеңде «Сейділда қажы» туралы жобасымен қатысты.

Осы жас тарихшылардың сайысында М.Багай I орын, А.Секенова II орын, А.Нурғожина III орын иеленді.



Аудандық «Мағжан» оқуларының аудандық кезеңінде 11 ә сынып оқушысы Этикбаева Амина «Ақын да бір бала ғой, айға ұмтылған» бағытында жүлделі III орынға ие болды.



Бастауыш 3-4 сыныптар арасында **«Алтын сақа»** математикалық олимпиадасы болып өтті. Оған мектепің төрт сыныбынан 11 оқушы қатысты. 3-4 сыныптардан 6 оқушы жүлделі орындарға ие болып, аудандық кезеңге жолдама алды.

7-8 сынып оқушылары арасында **география пәнінен Ұлттық олимпиадасының** аудандық кезеңінде мектебімізден 4 оқушы қатысып, 2 уі жүлделі орындарға ие болды. 8 сынып оқушысы Салыкова Айнара I орын, 7 сынып оқушысы Оразбек Аяулым III орынға ие болды.



Республикалық Мақатаев оқуларының аудандық кезеңінде 10 сынып оқушысы Медина Багай «Айтып өткен ақында арман бар ма?» бағытында қатысып, жүлделі I орынға ие болып, облыста ауданымыздың намысын қорғап, онда да жүлделі I орынға ие болып, 2024 жылы наурыз айында өтетін Республикалық кезеңге жолдама алды.





7-8 сынып оқушылары арасында **Республикалық жасөспірімдер олимпиадасының** аудандық кезеңі өткізілген болатын. Онда мектебімізден 7-8 сыныптардан 10 оқушы қатысып, олардың 5 уі жүлделі орындарға ие болды. Олар: математика пәнінен: 8 сынып оқушысы Қожахмет Аяна – I орын, Қайса Данеля 7 сынып –II орын, Түсіпханов Кенжалы 7 сынып – III орын, Салыкова Айнара 8 сынып, химия пәнінен жүлделі III орын, Китаев Ислам 8 сынып, информатика пәнінен жүлделі III орындарға ие болды.



Мектептің 8-11 сынып оқушылары арасында **«Ғылыми жобаларды қорғау»** бағытында сайыс өткізілген болатын. Осы сайыста мектебімізден үш оқушы қатысып, оның екеуі жүлделі орынға ие болды. Олар Ержигитова Арайлым 9 сынып, ағылшын тілінен жүлделі I орын, Қалиқайдар Гауһар 8 сынып, «қоршаған ортаны қорғау» бағытында жүлделі III орынға қол жеткізді.

А.Ержигитова облыстық кезеңге қатысып келді.



«Зерде» ғылыми жобалар байқауына мектебімізден үш оқушы қатысып, аудандық кезеңде – Д.Тоқтамыс I орын, Қ.Бекзат, К.Түсіпханов -III орын иеленді.

Оның екеуі (Д.Тоқтамыс, К.Түсіпханов) облыстық байқауға жолдама алған болатын. Солардың ішінде 4 сыныптан Тоқтамыс Данышпан қазақ тілі пәнінен облыстық сайыста жүлделі III орынға ие болды.



Күзгі каникуль уақытында «Торайғыров университеті» Павлодар облысының жалпы орта білім беру ұйымдарының 11 (12) сынып оқушыларына ҰБТ пәндері бойынша олимпиада өткізді. Олимпиада 2 кезеңнен тұрды. 1 кезең – 31 қазан күні «Тест», 2 кезең – 3 қараша күні «Эссе» жазу болды. Мектебіміздің 11 сынып оқушысы Омар Али «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша қатысып, жалпы олимпиаданың қорытындысы бойынша жоғары нәтиже көрсетіп, бас жүлдені ұтып алды.



Бас жүлдеге университет гранты берілді. Ол алдағы уақытта 4 жыл қатарынан осы аталмыш оқу орынында тегін оқи алады.
Жетекшісі тарихы пәні мұғалымы - Мирас Жундубаев.

Өкінішке орай мектебімізден оқушылар Торайғыров, Махамбет оқуларына және көптілді Олимпиада сайыстарына қатысқан жоқ.

II тоқсан кезінде мектеп оқушылары 8 сыныптан 8 оқушы «I Qanat» олимпиадасына қатысқан болатын. Олардың 3 уі II турға өтті.

Сонымен қоса желтоқсан айының 19-20 күндері Республикалық пәндік олимпиаданың аудандық кезеңі өткізілді. Оған: қазақ, орыс, ағылшын тілдері, Қазақстан тарихы, математика және информатика пәндері бойынша 15 оқушы қатысты. Олардың ішінде I орын -1 (А.Етекбаева, қазақ тілі), II орын -2 (О.Али Қаз тарихы, И.Азанбаев қазақ тілі), III орын – 5 (Р.Мұсаев-информатика, К.Кәусар - қазақ тілі, А.Рахметова 10 «ә» - қаз тарихы, М.Багай - орыс тілі, Г.Арыстанбекова - қазақ тілі) иеленді.

Жалпы білім беретін пәндерден Республикалық «Ауыл» олимпиадасының аудандық кезеңіне: Қазақстан тарихы, қазақ тілі мен әдебиеті, математика пәндерінен жалпы 22 оқушы қатысып, олардың ішінен 10 оқушы келесі облыстық кезеңге өтті. Олар Қазақстан тарихы пәнінен -7, қазақ тілінен – 1, математикадан -2 оқушы.

Мақсаты - ауылдық жерлердегі мектеп оқушыларының дарыны мен қабілеттерін анықтау және оларға қолдау білдіру, неғұрлым академиялық қабілетті оқушыларды табу, олардың зияткерлік дамуы мен кәсіби бағдарлануына жағдай жасау.

«Ауыл» олимпиадасының облыстық II кезеңінде мектебімізден 9 оқушы үш пәннен қатысып, 3 оқушы (А.Секенова -10 «а» математика, А.Этикбаева – 11 «ә» қазақ тілі, Ш.Түгелбай 11 «а» - математика) III орынды иеленді.

2024 жылдың 4-5 қаңтары күндері Павлодар қаласында Республикалық пәндік олимпиаданың облыстық кезеңі болып өтті. Оған қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 11 сынып оқушысы Амина Этикбаева қатысты. Бірақ нәтижеге жете алмады.

Қаңтар айының соңында бастауыш сынып оқушылары арасында «Бастау» республикалық Олимпиадасы ұйымдастырылып өтілді. Аудандық кезеңге 2-4 сыныптан 3 оқушы қатысып, оның екеуі жүлделі орын алып келді.

2 сынып -Болат Жасұлан, мақтау қағазы, 3 сынып оқушысы -Түгелбай Кәусар және 4 сынып оқушысы Аят Айару жүлделі III орынға ие болды.





2024 жылдың 1-2 ақпан аралығында 5-6 сыныптар арасында Республикалық пәндік олимпиаданың аудандық кезеңі болды. Оған 5 сыныптардан – 5 оқушы, 6 сыныптардан 6 оқушы, жиыны 6 пәннен 11 оқушы қатысты.

5 сыныптар бойынша үш оқушы - Тыналинова Мақпал (математика, жет Р.Б.Жунусова), Мухаметкалиева Малика (қазақ тілі, жет С.К.Мухаметкалиева), Ыбырай Нұрәлі (орыс тілі, жет - Қ.И.Исмаилова) жүлделі III орын иеленді.

6 сыныптар бойынша төрт оқушы - Інжу Қожахан (қазақ тілі, жетекшісі С.К.Мухаметкалиева) – I орын, Әсемгүл Тоқтамыс (орыс тілі, жетекшісі Г.М.Ахметжанова) - II орын, Бекзат Қалтай (Қазақстан тарихы, жетекшісі А.Ж.Рахимжанова), Асанәлі Түгелбай (математика, жетекшісі М.А.Садықов)- III орынды иеленді.



Ақпан айының 7-8 күндері Республикалық пәндік олимпиаданың 7-8 сыныптар үшін аудандық кезеңі болды. 7-8 сыныптар бойынша төрт пәннен 4 оқушы қатысты.

8 сынып оқушысы -Аманжол Аяжан (орыс тілі, жет -К.И.Исмаилова) жүлделі I орын, 7 сынып оқушысы Кәусар Қаиржанова (қазақ тілі, жет А.О.Шамшиева) жүлделі II орын, 8 сынып оқушысы Умарова Аделя (ағылшын тілі, жет – К.Т.Адылбаева) және 8 сынып оқушысы Сыздыкова Сабина (география, жет -Т.С.Сериқгалиева) жүлделі III орын иеленді.



«Ақбота» Республикалық зияткерлі Олимпидасы 26-29 ақпан аралығында өткізілген болатын. 1-10 сыныптар бойынша 16 оқушы қатысты. Барлық қатысқан оқушылар жүлдегер болды. Атап айтқанда I орын – 1 (7 сынып, Шәмші Дінмұхамед), II орын - 1 «а» сыныбы 2 оқушы (Баттал Дінмұхамед, Бауыржан Әсем), 1 «ә» сыныбы – 3 оқушы (Беназир Мухаметкалиева, Қожахан Айлин, Рамазан Нұрислам), 4 «а» сыныбы – 6 оқушы (Тоқтамыс Данышпан, Мәдениет Әсем, Утебаева Аружан, Нугуманов Арман, Айнабекова Дария, Темірхан Мансұр), III орын – 2 «а» сыныбы (Бауыржан Арман), 3 «а» сыныбы-(Алинова Тамирис), 4 «а» сыныбы (Кенжебек Айаулым, Тагвай Назерке) марапатталды.



Мектепке дейінгі мекемелердің дайындық топ балаларына арналған «Жауқазын» олимпиадасына даярлық тобынан үш бала қатысып, бір бала (Қадылбек Еркеназ, жетекшісі Г.К.Алтаева) III орын алды.



7-11 сынып оқушылары арасында «Жарқын болашақ» атты Республикалық қазақ тілі олимпиадасының аудандық кезеңінде «Білгірлер бәйгесі» бағыты бойынша 9 «ә» сынып оқушысы Садриден Кәусар (жет- А.О.Шамшиева) – I орын, «Жас қаламгер» бағыты бойынша 9 «А» сынып оқушысы Гүсана Арыстанбекова (жет-С.К.Мухаметкалиева) - II дәрежелі дипломмен, «Әнші бұлбұлдар» бағыты бойынша 9 «а» сынып оқушысы – Ақсана Нұрғожина (жет - С.К.Мухаметкалиева) III дәрежелі дипломмен марапатталды.







Б.Соқпақпаевты 100 жылдығына орай 7-8 сынып оқушыларына арналған аудандық «Балалар әдебиетінің бәйтерегі» тақырыбында қашықтықтан Республикалық эссе байқауында II дәрежелі дипломмен 7 сынып оқушысы-Асылбек Кәусар (жет-А.О.Шамшиева), III дәрежелі дипломмен 7 сынып оқушысы – Қайыржанова Кәсуар (жет-А.О.Шамшиева) марапатталды.


ТЕРЕҢКӨЛ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІ

II дәрежелі

ДИПЛОМ

Бердібек Соқпақпаевтың 100 жыл толуына орай 7-8 сынып оқушыларына арналған аудандық «Балалар әдебиетінің бәйтерегі» тақырыбында қапықтықтан республикалық эссе байқауы бойынша Қ. Оспанова №3 ЖОББМ 7 сынып оқушысы

АСЫЛБЕК КӘУСАР

МАРАПАТТАЛАДЫ

Жетекшісі: Шамшиева А.О.

Бөлім басшысы Ж. Билялова

Тереңкөл а, 2024 жыл DN №792


III дәрежелі

ДИПЛОМ

Бердібек Соқпақпаевтың 100 жыл толуына орай 7-8 сынып оқушыларына арналған аудандық «Балалар әдебиетінің бәйтерегі» тақырыбында қапықтықтан республикалық эссе байқауы бойынша Қ. Оспанова №3 ЖОББМ 7 сынып оқушысы

КАИРЖАНОВА КӘУСАР

МАРАПАТТАЛАДЫ

Жетекшісі: Шамшиева А.О.

Бөлім басшысы Ж. Билялова

Тереңкөл а, 2024 жыл DN №793

5-8 сынып оқушылары арасында «ProEko» республикалық экологиялық жобалар конкурсында «Таза қала Сізден басталады» бағытында 5 сынып оқушысы Серікбай Кәусар (жет-А.С.Мамаева, С.Б.Жылқайдарова) жүлделі I дәрежелі дипломмен марапатталды.


DARYN

ProEco

I дәрежелі

ДИПЛОМ

5-8 сынып оқушылары арасындағы «ProEco» республикалық экологиялық жобалар конкурсының «Таза қала сізден басталады» бағытында аудандық кезең жеңімпазы

Қ.Оспанова атындағы №3 жалпы орта білім беру мектебінің 5-сынып оқушысы

СЕРІКБАЙ КӘУСАР

(жетекшілері: Мамаева А.С., Жылкайдарова С.Б.)

МАРАПАТТАЛАДЫ

Білім беру бөлімінің басшысы Ж.Билялова

Тереңкөл - 2024 D №810

2024 жылдың наурыз айының соңында «Тірек мектептері» жобасына кіретін Тереңкөл, Баянауыл, Аққулы, Ертіс аудандарының 8 сынып оқушылары арасында «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Павлодар қаласындағы филиалының ұйымдастыруымен «Шығармашылық шайқас – Креатив бой» онлайн сайысы өткен болатын. Осы сайыста құрасына 8 сынып

оқушылары (Қожахмет Аяна, Салыкова Айнара, Садриден Кәусар, Қалиқайдар Гаухар) кіретін мектеп командасы жүлделі II орынды жеңіп алды.



2024 жылдың 4 сәуір күні «Мәшһүр-Жүсіп» оқуларының аудандық кезеңі өткізілді. Оған емктебімізден 4 оқушы қатысып, барлығы жүлделі орындарды иеленді. Атап айтар болсақ «Мәшһүр-Жүсіп шығармалары және «Ұлы даланың ұлы есімдері» номинациясында 9 «ә» сынып оқушысы Садриден Кәусар *(жет-А.О.Шамшиева*) - бас жүлде, «Білімді зерек адам болам» - десең, Қара өзіңді басқаның айнасымен» - эссе жазуда 9 «а» сынып оқушысы Арыстанбекова Гүлсана *(жет-С.К.Мухеметкалиева*) - I орын, 10 «ә» сынып оқушысы - Рахметова Әлия (*жет-Ғ.Қ.Сағындикова*) - II орын, «Алдыма өлең жаз деп қағаз келген, Сөзімді сөйлеп бақтым мен де білген» - ақындар мүшайрасында 10 «а» сынып оқушысы - Секенова Ажар (жет-*С.К.Мухаметкалиева*) жүлделі III орындарды иеленді.



Сәуір айының ортасында облыстық «Мәшһүр Жүсіп оқулары» конкурсының «Ұлы даланың ұлы есімдері- ұлттың ұлы тұлғаларын сипаттау» бағытында 9 сынып оқушысы Садриден Кәусар қатысып, облыстық білім беру басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталды.



Сәуір айының 10 күні өткізілген аудандық «Абай» оқуларында 11 сынып оқушысы Этикбаева Амина (жет - Ғ.К.Сагындикова) жүлделі II орынға ие болды.



Сәуір айының соңында аудандық білім беру бөлімінің ұйымдастыруымен Қаныш Саптаевтың 125 жылдығына орай «Қ.Сатпаев – сан қырлы тұлға» атты жас суретшілердің байқауы болып өткен еді. Осы байқауда 5 сынып оқушысы – Нұрсиханова Алуа (жет – Г.Исмайлова) II дәрежелі дипломмен марапатталды.



Маусым айында өткен Мақатаев оқуларының Республикалық кезеңінде 10 сынып оқушысы Багай Медина «Айтып өткен ақында арман бар ма?» бағытында қатысып, сертификат иеленді.





Ақпаратты әзірлеген мектеп директорының ғылыми-әдістемелік жөніндегі орынбасары Е.Қамзин